

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 19)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Медициналық ақпараттық жүйені енгізу және сүйемелдеу	Бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар: Бағдарламалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің нормативтік талаптарына және ақпараттық қауіпсіздік стандарттарына толық сәйкес келуі тиіс. Жүйе веб-технологиялар негізінде іске асырылып, стандартты браузерлер (Chrome, Edge және т.б.) арқылы қосымша бағдарламалық қамтамасыз етуді орнатпай-ақ жұмыс істеуі қажет. Жүйе қамтамасыз етуі тиіс: медициналық және қаржылық үдерістердің барлығын автоматтандыруды; медициналық қызметтердің көрсетілуін ашық әрі бақылауда ұстауды; ұлттық денсаулық сақтау жүйелерімен (eGov, eHealth, ӘМСҚ және т.б.) интеграцияны; құжаттаманы электронды форматта жүргізуді; екі тілді (қазақ және орыс) қолдауды; орталықтандырылған әкімшілендіру мен жаңартуды. Жүйенің құрамы мен функционалдық модульдері: Пациенттерді тіркеу / қабылдау: алғашқы және қайталама тіркеу, шұғыл тіркеу, штрих-кодтар мен смарт-карталарды қолдану, автоматты кезек құру, анонимді пациенттер есебі, фотофиксация, қарызды тексеру, қабылдауға арналған квоталар. Стационарлық пациенттерді мониторингтеу: тағайындауларды бақылау, есептер (күндік/апталық/айлық), эпикриздер жүргізу, консультацияларға өтінімдер, медбике енгізген деректерді тіркеу. Касса: төлемдерді қабылдау (қолма-қол, карта, депозит), чектерді басып шығару, қаржылық модульдермен интеграция, статистикалық есептілік. ЛИС (Зертханалық ақпараттық жүйе): сынамаларды штрих-кодтау, преаналитикалық, аналитикалық және постаналитикалық кезеңдер, зертханалық құрылғылармен интеграция, нәтижелерді клиникалық растау, сапаны бақылау (Вестгард ережелері, Леви-Дженнингс графиктері), сыни мәндер туралы SMS хабарлама. PACS (Медициналық кескіндерді сақтау және архивтеу жүйесі): DICOM қолдауы, медициналық кескіндерді сақтау және қарау, ұзақ мерзімді архивтеу, қашықтан қолжетімділік. Қауіпсіздік талаптары: Рөлдік қолжетімділік моделі (RBAC); Пайдаланушы әрекеттерін журналдау;	1




	Мәліметтерді шифрлау; Серверлерді Қазақстан Республикасының аумағында орналастыру. Қызмет көрсету нәтижелері: Жүйе толық енгізіліп, пайдалануға берілген болуы тиіс; Пайдаланушылар оқытудан өтуі тиіс; Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар мен басшылықтар дайындалып, тапсырылуы тиіс; Барлық модульдер пилоттық режимде тексеріліп, сыналуды тиіс. Өлшем бірлігі: Жиынтық	
Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жана, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

